

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы**

11 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің жаңа құрамын құру және жоспармен таныстыру
Кеңес төрайымы А.Е.Тулеугалиева
2. Педагогтердің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
Кеңес мүшесі Далахова Г.К.

Барысы:

1. Бірінші сұрақ бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы А.Е.Тулеугалиева.

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар.

Педагогикалық әдеп және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі катысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

Кеңес құрамына төмендегі тұлғаларды ұсынамын

№	Аты-жөні	Қызметі
1	Тулеугалиева Акерке Ергазиевна	Кеңес төрайымы/ МТББО педагог
2	Рычкова Клара Тулепбергеновна	Кеңес мүшесі/ Ардагер ұстаз
3	Баярстанов Серғазы Касаевич	Кеңес мүшесі/ Ардагер ұстаз
4	Бажаканова Гүлшара Жаркетовна	Кеңес мүшесі/ АББ әдіскері
5	Жауымбаева Айсауле Узакбайқызы	Хатшы/ МТББО педагог
6	Далахова Гүлжан Кавидуллаевна	Кеңес мүшесі/ МТББО педагог
7	Оразова Жанат Есетқызы	Кеңес мүшесі/ МТББО педагог
8	Дуйсенова Айнаш Есентугеловна	Кеңес хатшысы / МТББО педагог

2. Екінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі «МТББО» МКҚК ұйымдастырушы
Г.К.Далахова

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, тәрбиеші балаларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, балалар педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Педагог киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Педагогтің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.


Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті педагог балаларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға топқа басқа адам кіріп келгенде педагогке орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Бөбекжай ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады ..

Кеңес шешімі:


1. Кеңес құрамы берілген ұсыныс бойынша қалсын.
2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
3. Педагогтермен педагогикалық әдеп нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Кеңес төрайымы:



А.Е.Тулеугалиева

Хатшы:



А.У.Жауымбаева